

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№14

2021 жылғы 24ақпан

**Облыстық мәслихаттың кезекті
екінші сессиясы жалпы
отырысының күн тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті екінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №574 «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы

2. Ақтөбе облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту туралы.

Хабарламашы: К.Қ.Қанатбаев – ветеринария басқармасының басшысы

3. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе Жоғары ауылшаруашылық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Шығанақ Берсиевтің есімін беру жөнінде ұсыныс енгізу туралы.

Хабарламашы: М.А.Жанасова – тілдерді дамыту басқармасы басшысының міндетін атқарушы

4. Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №235 «Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

Хабарламашы: Ж.И.Иманқұлов – табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы

5. Облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №352 «Ақтөбе облысында құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №105 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі аймақтық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

7. Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 14 тамыздағы №154 «Ақтөбе облысының терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

8. Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 5 маусымдағы №546 «Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

*Хабарламашы: Д.Қ.Тоғызбаев – облыс әкімі аппараты
басшысының міндетін атқарушы*

9. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №363 «Облыстық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

*Хабарламашы: Қ.І.Сәрсембай – ауыл шаруашылығы
басқармасының басшысы*

10. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 18 ақпандағы №395 «Индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі өңірлік Үйлестіру кеңесінің дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

*Хабарламашы: Н.Ж.Тілеумұратов – кәсіпкерлік
басқармасының басшысы*

11. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық келісім мәселелері жөніндегі депутаттық тобын тіркеу туралы.

12. Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 1 наурыздағы №395 «Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

13. Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылға арналған жұмыс жоспары туралы.

14. Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штаттық кестесі, мәслихат қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстар, қызметтік автомашиналарының лимиті туралы.

15. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ШЫНТАСОВА

А. НУГМАНОВ